

Көрнекті жазушы, драматург, сценарист, профессор
ӘШИМОВ ӘКІМ УРТАЙҰЛЫНЫҢ (ӘКІМ ТАРАЗИ) 90 жасқа толған мерейтойы қарсаңында
өтетін «ТАРАЗИТАНУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ» атты
халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
международной научной конференции
«ТАРАЗИВЕДЕНИЕ И ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ»,
посвященной 90-летию писателя, драматурга, сценариста, профессора
АШИМОВА АКИМА УРТАЕВИЧА (АКИМ ТАРАЗИ)

MATERIALS
of scientific conference, «TARAZ STUDIES AND TENDENCIES IN THE DEVELOPMENT OF
KAZAKH LITERATURE», devoted to the 90th anniversary of the Writer, Professor, dramaturge,
screenwriter ASHIMOV AKIM URТАEVICH (AKIM TARAZI)

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5 Қаз)
Т 21

Жауапты редактор:
ф.ғ.д., профессор С.Б. Ержанова

Құрастырушылар:
PhD доктор, Г.Р. Даутова
Ұ.О.Ахан

Конференцияны ұйымдастыру комитеті: А.Б.Темірболат, С.Б. Ержанова, Г.Р. Даутова,
Е.Карбозов, Б.Б.Баязитов, Ұ.О.Ахан
Конференция модераторы: ф.ғ.д., профессор Ө. Әбдиманұлы

«Таразитану және қазақ әдебиетінің даму тенденциялары» атты халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2024. – 110 б.

ISBN 978-601-04-6575-6

Жинаққа 2023 жылдың 21 қарашасында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде өткен көрнекті жазушы, драматург, сценарист, профессор Әшімов Әкім Ұртайұлының (ӘКІМ ТАРАЗИ) 90 жасқа толған мерейтойы қарсаңында өткен «Таразитану және қазақ әдебиетінің даму тенденциялары» атты халықаралық ғылыми конференцияның материалдары енгізілген.

Жинақ әдебиеттанушы, тілші мамандарға, жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлар құрамына, жас ғалымдарға және көпшілік қауымға арналған.

ISBN 978-601-04-6575-6

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2024

Оспанбаева Н.Ә.,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың магистранты,
Қазақстан, Алматы қаласы
Мәтбек Н. Қ.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті, ф.ғ.к.
Қазақстан, Алматы қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІН ОҚИТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа: Бұл мақала қазақ тілі мен әдебиеті сабағын оқытудың әртүрлі тәсілдерін, заманауи технологияларды, интерактивті оқытуды және оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына және қазақ тілінде коммуникация дағдыларын дамытуға ықпал ететін басқа да әдістерді зерттейді.

Мақала қазақ тілі мен әдебиеті сабағын оқыту әдістемесіне қызығушылық танытатын педагогтарға, студенттерге және білім беру саласындағы мамандарға арналған.

Педагогика саласында мұғалімнің материалды сыныпқа қалай түсіндіретіні оқыту әдістемесі деп аталады. Оқыту әдістемесі – бұл мұғалімнің оқушыларға материалды меңгеруі үшін материалды түсіндіруді немесе оқытуды таңдау тәсілі. Мұғалім қолдана алатын көптеген түрлі әдіснамалар бар және таңдалған әдістер көбінесе білім беру философиясы мен мұғалімнің қалауына байланысты болады. Сондай-ақ, мұғалім көбінесе бір сабақта немесе бірнеше сабақта бірнеше әдісті қолданады [1].

Мұғалім таңдаған философия, әдетте, мұғалімнің пікірінше, оқушылар жаңа материалды қалай жақсы меңгере алатындығын, сонымен қатар оқушылар мен мұғалімдердің сыныпта қарым-қатынас жасау тәсілдерін көрсетеді. Бұл философия көбінесе мұғалімнің қандай әдіснаманы немесе оқыту әдістемесін қолданғысы келетінін таңдауға әсер етеді, бірақ олар міндетті түрде тікелей байланысты емес [1].

Мұғалімдер, әдетте, басқа мұғалімдерге немесе оқушыларға олардың білімге деген көзқарасы туралы түсінік беру үшін өздерінің таңдаған оқыту әдістері мен философиясын бірге айтады.

Біз өтіп жүрген дәрістер әдіснаманың бір түрі, бірақ ол әр пәнге сәйкес келмейді. Мұғалім бірнеше түрлі әдіснамаларды қолдана алатындығына қарамастан, оқытудың кең таралған және дәстүрлі әдісі көбінесе дәріс оқу немесе түсіндіру деп аталады. Негізінен, бұл білім беру тәсілі, онда мұғалім пән бойынша сарапшы ретінде қарастырылады және ол материалды игеріп, түсінуі керек, себебі оқушыларға ақпарат береді емес пе? [1]. Оқытудың кейбір әдістері компьютерлер мен технологияларды қолдануға бағытталған болуы мүмкін.

Кейбір танымал әдістемелер оқушының оқу процесінде маңыздылығына назар аударады. Осындай оқыту әдістерінің бірі бүкіл сыныптағы топтық талқылауларды немесе бір уақытта бірнеше шағын топтармен шағын топтық талқылауларды қолданады. Оқушыларды өздерінің білімі үшін жауапкершілікті алуға және оқу процесінің белсенді қатысушысы болуға шақырады.

Тағы да ескеретін жайт, оқытудың кейбір әдістері оқушылардың тартылуына баса назар аударылуы тиіс.

Әдістеме құру үшін әдіс-тәсіл керек. Әдіс пен тәсілдің қызметі бір болса да, екеуі екі түрлі мағына береді. Әрқайсысына жеке тоқталайық.

Әдіс деген – бір мәселені шешуге арналған практикалық операциялар жиынтығы деп алсақ, тәсіл – іс жүргізу амалы.

Әр сөздің анықтамасын білген болсақ, қашықтықтан оқыту кезінде қандай әдістер тиімді болатынын көрейік. Қашықтықтан оқыту кезінде оқушыларға ерекше әдістерді ұсыну қажет. Әсіресе, қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында. Біз ұсынатын тиімді әдістер:

- «Әдеби образ» әдісі
- «Досым» әдісі
- «Insta-school» әдісі
- «Lugat» әдісі
- «Uaqyt» әдісі

Енді әр әдіске жеке тоқталып өтейік. Ең бірінші ұсынатын әдісіміз: «Әдеби образ» әдісі.

Образ киім сияқты. Үстіне кисең, ішкі күйің де өзгереді. Мысалы, стильді классикалық костюм киіп алсаң және ол денеңе шап-шақ отырса, өзінді іштей талғампаз ақсүйек сезінесің. Сол ішкі сезімнің күшімен өзінді қоғамда мәдениетті һәм сыпайы ұстай бастайсың. Өзгеше шешімдер қабылдайсың. Өзгеше ойлар туады. Басқа киім кигенде мұндай күй кешпес едің.

Әдеби образ деген не? Ол – сіздің өмірге деген көзқарасыңыз, ұстанымдарыңыз, әдеттеріңіз бен мақсаттарыңызды қамтитын бейнеңіз. Мәселен, мынадай бір әдеби образды алайық. Өздеріңіз білетіндей, Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы басқа шығармалардан ерекшеленеді. Оқушылар шығармадағы бір кейіпкерді алады және сол кейіпкердің образдарын өздеріне киіп көреді. Мысалы, сол Ақбілекті алайық. Ол сондай жағдайға түскенде қандай күйде болды? Өзін қалай ұстады? Егер сенде Ақбілектің образы болғанда қандай әрекеттер жасаушы едің? Немесе оның жеңгесі Ұрқияны алайық. Оқушының үстінде Ұрқияның образы. Не істеуші еді? Дәл солай жасаушы ма еді? Міне, осы сұрақтарды қою арқылы оларда эмпатиялық қасиет пайда болады. Сонда бұл әдістің **мақсаты:** балаларды психологиялық жағынан тәрбиелеу, эмпатиялық қасиетті бойына сіңіру және проблемалық жағдаяттан шыға білуге үйрету.

Қандай сыныптарға қолданады? Бұл әдісті 5-сыныптан бастап, үлкен сынып оқушыларымен қолдануға болады. Тек оқытушының құзыреттілігі арқылы, алғырлығы арқылы және жан-жақтылығы арқылы сабақты қызықты етуге болады.

Бұл әдіс әсіресе, **бағалау және салыстыру бөліміне** келеді. Себебі, бұл бөлімде салыстыру, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау сықылды бөлімшелер бар.

Қашықтықтан оқытқанда осы әдісті қолданса немесе үй тапсырмасына берсе, оқушылар шыныменде қызығушылық танытып, кейіпкерлердің образын алып, пәнге деген ынталары арта түседі.



Жоғарыдан көріп тұрғаныңыздай үшінші әдіс – «Досым» әдісі.

Бұл өмірде әркім өзін іздейді. Бірақ бәрі бірдей таба бермейді, түсінеміз. Адамдар жақсы болуға, мақсаттарына жетуге тырысады. Кейде болады, кейде болмай қалады. Кейде алға ұмтылу деген бар, ал кейде қолдарымыз төмен түседі. Мұның бәрі күнделікті жұмыс, бұл жай өмір. Әр түрлі нәрсе бар - жақсы мен жаман, сәттілік пен сәтсіздік... Осыдан біз өмірдің циклдік жүйеде екенін байқаймыз. Ал өмірлеріңіз жақсы жаққа өзгеру үшін дос табу керек. Себебі, дос шындықты айтады, дос көмектеседі және қолдайды. Ең бастысы сізге сенеді. Айтып тұрғанымыз жай ғана достық емес. Сіз өзіңізге өзіңіз дос болыңыз, сонда өміріңіздің қалай өзгеретінін байқайсыз. Тағы да мысал келтіре кетейік. Мәселен, Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» туындысын алайық. Басты кейіпкер Жамал неге тұрмысқа шығуға мәжбүр болды? Егер де сіз Жамалдың құрбысы немесе досы болсаңыз қандай ақыл айтар едіңіз? Қалай қолдар едіңіз? Міне, осындай сұрақтарды қою арқылы олардың ойлау қабілеттерін дамытамыз. Бұл әдіс қашықтықтан оқытарда да, оффлайн режимінде де қолдана беруге болады.



Біздің төртінші әдісіміз – «Insta-school» әдісі. Бұл әдістің ерекшелігі: заманауилығында.

Инстаграм – жаңалықтарды бақылауға мүмкіндік береді. Мысалы, сіз күн сайын әртүрлі тақырыптар бойынша ақпарат ала аласыз:

- Денсаулық;
- балаларды тәрбиелеу және оларды дамыту;
- психология;

- өзін-өзі тану және мотивация;
- саяхат және елдер;
- әр түрлі компаниялардың тауарлары, қызметтері және акциялары [2, 56 б.].

Міне, осы секілді жастарды олардың тілімен оқытсақ. Мәселен, батырлар жырын өткенде оқушыларға үй тапсырма ретінде өз парақшаларында қазіргі заман батыры мен өткен заман батырларын салыстыруды берсек және жазба жазарда орфографиялық, грамматикалық қателіктеріне де назар аударсақ, бір оқпен екі қоянды аламыз. Неше түрлі ойлап табуға болады. Басты шарт осы инстаграм желісінде болуы.

Мақсаты: оқушыларды қатесіз жазуға, өз ойларын белсенді ортаға еркін жеткізе білуге баулу.

Бұл әдісті қазақ тілі пәнінен де қолдануға болады. Мәселен, он бірінші сыныпта (гуманитарлық бағытта) «жасыл ел» бағдарламасы туралы тақырып бар. Міне, осы тақырыпқа байланыста аталған желіге жазба қалдыруға болады.



Неге лұғат? Лұғат дегеніміз не? Лұғат – ол көне әдебиеттерде сөздік деген сөздің орнына қолданылатын сөз болып есептелінген. Мағынасы: өнегелі, парасатты, ойлы дегенді білдіреді. [3]

Ал әдістің ерекшелігі олар қазақ тілінің ерекшелігін, тарихын түсінетін болады.

Мақсаты: Қазақ тілінің мәртебесін көтеру. Ізденімпаздық қасиетін арттыру. Өзіндік ерік-жігерін күшейту.

Мәселен айта кетсек, қазақ тілі пәні бойынша болсын, әдебиет пәні бойынша болсын өздеріне түсініксіз деген сөздерді сөздіктер бойынша іздеу.



«Uaqyt» әдісі. Атының өзі айтып тұрғандай уақытқа тікелей байланысты. Әсіресе, әдебиет пәнінде қолданған тиімді. Ерекшелігі: балалардың мишығына үлкен көмегін тигізеді. Ойлау қабілеттері артады. **Мақсаты:** Тез ойлауға, уақытпен жүруге, гуманистік қасиеттерге баулу болып табылады.

Мысалы: Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» көркем шығармасы [4]. Оқушыларға белгілі бір уақыт береміз. Қысқа уақытты немесе ұзақ уақыт беруге болады. Бұл мұғалімнің өзінің шеберлігіне байланысты. Яғни, олар сол Шолпан өмір сүрген заманға барады да Шолпанға кеңес айтады. Бұл жердегі нюанс – ол уақыт. Тез арада және ұзақ уақытқа қалғанда. Ол жерде нені өзгертуші еді? Тағы басқа кімдермен ақпарат алмасушы еді деген сұрақтар мен ой толғамдарына қарай оқушы өзі өмірге бейімделе бастайды [5].

Әдебиеттер:

1. Ақышева Г.К. Қашықтықтан оқыту жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті сабағын тиімді ұйымдастырудың әдістемелік негіздері // Функционалдық сауаттылық – білім беру сапасын жақсартудың аса маңызды шарты: Білім беру қызметкерлерінің обл. ғыл.-практ. конф. материалдары: І-б.- Қарағанды: ҚарУ баспасы, 2021. -90-92 бб.

2. Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару: әдіст. құрал/құраст. Ж.А.Жартынова, В.Н.Ким, Т.Б.Корнилова және т.б. Алматы, 2014. -128 б

3. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9B%D2%B1%D2%93%D0%B0%D1%82>

4. Мағжан Жұмабаев. Шолпанның күнәсі.

5. Н.Оспанбаева. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағын қашықтықтан оқытудың әдістемесі. 2022, 44-45 б.

МАЗМҰНЫ

Пірәлі Г. Ж. Ә.Тарази шығармаларындағы психологиялық талдауды ұйымдастыру формалары мендаралық стилі	3
Жемиле Кынажы Баран Қазақ жазушысы Әкім Таразидің әдеби шығармашылығы және Түркиядағы Әкім Тарази туралы еңбектер	10
Оразов Б. Әкім Тарази шығармаларындағы дәуір шындығы.....	12
Иманғазин М. Әкім Тарази шығармаларындағы драмалық сипат.....	14
Мұхамдиев Д., Бегманова Б. Ә.Тарази және қазақ драматургиясындағы экология тақырыбы.....	15
Мұсаев А. Заман шындығының шырақшысы	18
Жұбатқан М.Ы., Тұяқбаев Ғ.Ә. Желілес топонимдік аңыздардағы 40 саны.....	23
Сарбасов Б. С. Оралхан Бөкей повестеріндегі замандастар бейнесі.....	27
Солтанаева Е.М. Әкім Тарази шығармаларындағы күрес	30
Шортанбай Ш.А. Дулат Исабековтің туындыларындағы ұлттық болмыс	31
Саргелтаева А. Қ. Әкім тарази драматургиясының стиль ерекшеліктері	33
Өміржанова Ж. Т. Өлең өрнегіндегі ұлттық нақыштар.....	36
Калыбекқызы С. Бексұлтан Нұржекеев: «махаббат» дегеніміз – әйел баласы.....	39
Тойбазар А.М. Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» романындағы Әуезов бейнесінің көркем жинақталуы.....	41
Бақ С. К. Мейірхан Ақдәулетұлының поэзиясындағы жалғыздық сарыны	44
Исабекова Ж.А., Сейсенбиева Э.С. Р.Мұқанованың «мәңгілік бала бейне» әңгімесіндегі нарративті ұстанымдар	47
Сейтқазы Е.Қ. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы жамбылтану мәселелері	50
Трушев А. Қ., Нажмиден А.Б. Т. Әбдіқұлының «Оң қол» әңгімесіндегі постмодерндік құбылыстар сипаты.....	53
Тойбазар А. XX ғасыр басындағы қазақ фольклортану ғылымы	56
Түрдәлі Т. Қашықтықтан оқытуда студенттердің танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру	59
Рустемова А. Қазақтың дәстүрлі әнші-ақындары шығармашылығын оқытудың әдістемелік негізі	62
Маратова Ә. Шоқан Уалиханов шығармаларын мекепте оқытудың заманауи әдістері	65
Сәрсенбек Н. Ы. Алтынсариннің әңгімелерін оқыту әдістері	67
Ибраева П. У., Искакова М. У. Эпостағы диалогтың ұлтты тану концептісі	70
Жапишева Ғ. Қ. Мектеп оқушыларына ертегі жанрын оқытуда қолданылатын әдістер.....	73
Оспанбаева Н.Ә., Мәтбек Н. Қ. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытудың тиімді әдістері	75
Тұрсынбек Б.Н., Әңгіме жанрын оқыту әдістемесі.....	78
Полатбек Г. Ж., Мамбетов Ж.О. Шерхан Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасын орта мектепте оқытудың тиімді әдістері.....	81
Молдахали А., Фантастика жанрындағы шығармаларды оқыту әдістері.....	84
Тлебалдина Н.Қ., Акманова Ғ.Р. Көркем шығарманы меңгертуде оқылым стратегияларын қолдану.....	86
Мұралқан А. Сөз этикетінің тілдік қызметтері	89
Есентүгел А. Ығыстық-қисса дастандардың жанры және нәзира дәстүрі	92
Жанбота Ә. Б. Мақал-мәтелдердің тілдік ерекшелігі.....	95
Нусипова Ж. Д. Абайдың адамгершілік туралы нақыл сөздері.....	98
Сапарова А.И. Қазақ прозасындағы музыка мен әдебиеттің өзара байланысының интермедиялық аспектісі	100
Раймбекова З.К. Жаңылтпаштың сыры мен сипаты.....	103
Даулетбекова Г.Е. Мақал-мәтел – халық қазынасы.....	104

Ғылыми басылым

**Көрнекті жазушы, драматург, сценарист, профессор
ӘШІМОВ ӘКІМ ҮРТАЙҰЛЫНЫҢ (ӘКІМ ТАРАЗИ) 90 жасқа толған мерейтойы
қарсаңында өтетін «ТАРАЗИТАНУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ДАМУ
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ» атты халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Авторлық редакциямен шығарылды

ИБ №15247

Басуға 20.02.2024 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 ¹/₈.
Көлемі 9,1 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №306.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.